

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Сабақты зерттеу - мұғалімнің уәжін арттыру құралы»

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.01.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/148210/

№53 Ю. Гагарин ЖББМ

ДОЖО Ермекбаев Бахтияр Даниярович

педагог-сарапшы

«Сабақты зерттеу - мұғалімнің уәжін арттыру құралы»

1. ТОПТАРДЫ ҚҰРУ

Топтарды (командаларды) құру - жауапкершілікті талап ететін кезең, себебі сіздің мектебіңізде сабақты зерттеу үдерісінің тиімді, әрі ұзақ болуы осы кезеңге байланысты.

Сабақты зерттеу бойынша топ, әдетте, өздерінің оқытулары мен оқушыларының оқуын жақсарту үшін ынтымақтастыққа жұмыс істеуді көздейтін бірнеше мұғалімдерден құралады.

Әр түрлі көзқарастың болуын қамтамасыз ету үшін топта 3-6 мұғалім болуы керек. Құрамы алты қатысушыдан асатын топтар кездесулерді жоспарлаған кезде қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Командалар құрамы мұғалімдер мен әкімшіліктің тілегі және сабақты зерттеу фокусына байланысты анықталуы тиіс. Әдетте бір пән бойынша сабақ беретін қатысушылар бір-бірін жақсы түсінеді. Дегенмен бірнеше пән мұғалімдер оқушылары үшін ортақ тәжірибе құруды (мысалы, бастауыш сыныптан кейін бірінші жылы сынып болып қалыптасу) немесе өздерінің сыныптарында ортақ оқу мақсатына жетуді көздеген кезде пәнаралық топтарды да құруға болады. Айталық, оқу жылына\тоқсанға жасалған талдау нәтижесінде қандай да бір сынып барлық параметрлер (оқу тәрбиелік) бойынша үлгермей жатқаны анықталды делік. Егер де осы сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдер бір топқа біріксе, олардың күш-жігері міндетті түрде нәтиже береді.

Мектеп басшысы үшін топтарды құрған кезде еріктілік қағидасын қолдану қолайлы

болып табылады, себебі оның нәтижесінде бөлінген көшбасшылық жүзеге асады. Осылайша топ мүшелерін және зерттеу сұрағын таңдау туралы шешімді топ мүшелерінің өздері қабылдайды. Басшының міндеті – осы қадамдар орын алатын іс-шараны ұйымдастыру. Егер де басшы авторитарлы тәсілмен жүріп, топтарды және зерттеу сұрақтарын тағайындап, осыған қатысты бұйрық шығаратын болса, сәтсіздік орын алған жағдайда мұғалімдер барлығы әкімшілікті кінәлайтын болады. Ал еріктілік жағдайында олар жауапкершілікті өздерінің мойындарына алады.

Сонымен сабақты зерттеу\Lesson Study бойынша топтарды (командаларды) құрудың қағидаларын атап шығатын болсақ:

- Пән бойынша;
- Проблемалар\зерттеу сұрағы бойынша;
- Сынып\параллель бойынша;
- Ортақ қызығушылық\тілек бойынша;
- Мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктері бойынша;

2.

ЗЕРТТЕУ СҰРАҒЫН ТАҢДАУ

1. FINER критерийлері бар PICOT зерттеу сұрағын қою моделі

P

population — аудитория. Сіздің сұрағыңыз нақты аудиторияға немесе білім беру үдерісінің қатысушылар тобына бағытталған ба?

I

intervention — араласу. Сіз нақты қалай және қандай әдісте, техникалар, тәсілдер арқылы өзіңіздің зерттеуіңізді жүзеге асырасыз?

C

comparison — салыстыру. Сіз тағы да қандай әдістер, техникалар және тәсілдер қолдана аласыз?

O

outcomes — күтілетін нәтижеле*р. Осы зерттеудің соңында сіз нақты қандай нәтиже аламын деп болжап отырсыз?

T time - уақытпен шектелген.*

FINER критерийлері

F жүзеге асатын. Мұғалімде жеткілікті ресурстар бар ма?

I қызықты. Бұл сұрақ тағы да кімге қызықты?

N зерделенген. Зерттеу сұрағы бұрын зерделенген бе?

E

дәлелдемелер. Зерттеу сұрағына қандай дәлелдемелер жауап береді?

R

этикалық. Зерттеу біреуге зиян келтіруі мүмкін бе? **қарым-қатынас.** Зерттеу нәтижелері нақты кімге ықпал етеді?

2. Терри Ласковски «Зерттеу сұрағына шығу»

3. САБАҚТЫ ЖОСПАРЛАУ

Сабақты жоспарлау – әлбетте, әріптестерінің қатысуыңызсыз өтетін мұғалімнің өз бетінше сабаққа дайындалу үдерісі.

«Сабақты зерттеу» әдісі мұғалімдерге бір-біріне пайда әкелуге мүмкіндік береді, себебі осылайша олар өздерінің кәсіби білімдерін кеңейте алады. Бірақ ол үшін әріптестерге бірігуге немесе жұмыс тобын құруға мүмкіндік беретін ынтымақтастық орта қажет.

«Сабақты зерттеу» тәсілінің көмегімен сабақты жоспарлау үдерісінде жұмыс тобының мүшелері кәсіби тәжірибемен алмаса алады, оқудың тиімді тәсілдері, формалары және әдістерін қолдану бойынша идеялар ұсына алады.

Сабақты зерттеуді жүргізу үшін зерттеудің өң бойында мұғалімнің бұрында қолданған оқыту тәсілдерін, формаларын және әдістерінескеріп, есте сақтау керек. Бұдан басқа оқытудың тиімділігіне қол жеткізу мақсатында мұғалім үшін өзінің барлық білімі мен білігін қолдану маңызды болып табылады. Егер де осы аталған мәселелер ескерілмесе, сабақты зерттеу өзінің басты мақсатына, яғни оқу үдерісін жетілдіруі, жете алмауы мүмкін және оқушылардың оқуы екінші орынға түсіп қалады.*

Зерттеудің нақты мақсатын басшылыққа алып, жұмыс тобы оқушылардың ойлауын бақылау мен талдауға ашық болатындай

«көзге көрінетін» етуге мүмкіндік беретін оқытудың әдістерін, тәсілдерін және формаларын ұсынады. Бұл өте маңызды, себебі оқушылардың оқуды үйреніп жатқаны туралы сенім қажет.

Әрбір өткізілген сабақтан кейін команда жоспарлар өзгертулер енгізіп, сабақты бақылау жүргізіледі. Сабақтан сабаққа қарай жоспар жақсара түседі және мұғалімдер оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқудың ең үздік стратегияларын анықтайды.

Бірлесіп жоспарлауда мұғалімдерге сабақ жоспарын бүге – шүгесіне дейін талқылаудың қажеті жоқ, әсіресе олардың пәндері әр-түрлі болған жағдайда. Дегенмен жоспар басқа мұғалім қолдана алатындай жете сипатталуы тиіс.

Мұғалімдер нақты бірізділікті қолдана алады. Мысалы, қызығушылықты ояту кезеңін қалай жүзеге асыру, үй жұмысын тексеру, жаңа тақырыпты түсіндіру, формативті бағалауды

жүргізу, инклюзивті оқытуды ұйымдастыру және сыни ойлауды дамыту туралы ойлану.

4. САБАҚТЫ ӨТКІЗУ/БАҚЫЛАУ

Сабақ – мұғалімдердің жоспарлаған идеяларын жүзеге асыратын Lesson Study үдерісі құраушыларының бірі болып табылады.

Бұл кезеңде топ мүшелерінің бірі сабақты өткізеді және басқа топ мүшелері бақылайды және оқушылардың оқуы, олардың ойлауының дамуы және ынтымақтастыққа жұмыс істеу мақсатында өзара әрекеттесуіне қатысты дәлелдемелер

жинайды.

Сабақты өткізуге дейін оқушыларды сабақты зерттеу және сыныпта сабақты бақылаушылардың болатыны туралы хабардар ету керек. Бақылаушылардың сабаққа қатысуын балалардың оқуына кедергі болмайтындай етіп ұйымдастыру қажет. Олардың сыныпта орналасатын жерін оларға ынғайлы, әрі оқушыларға кедергі келтірмейтіндей етіп ойластырған жөн. Сонымен қатар бақылаушыларға сыныпта не болып жатқаны жақсы көрінетіндей болуы тиіс. Мұғалімдер президиумда отыратындай үстелдерден бөгет жасаудың қажеті жоқ, себебі бұл қосымша кедергі болып табылады.

Сабақтағы бейне және фото түсіру барынша көзге түспегені дұрыс. Сабақ барысында сынып ішінде бір жерден екінші жерге қарай жүріп оқушылардың назарын аударуға және сабақтың барысын бұзуға болмайды. Түсіру үшін оқушыларды қолдануға жол берілмейді.

Дәстүрлі бақылаулар әдетте, мұғалімнің сабақ бойы жүзеге асыратын іс-әрекетін басты назарда ұстайды. Сабақты зерттеуде бақылаудың фокусында оқушылар және олардың берілген нұсқауларға қалай жауап қайтаратыны болады. Оқушыларға тапсырмаларды барынша тиімді орындауға көмектесу үшін бақылаушыларда сабақ жоспарының көшірмесі, сабақта қолданылатын үлестірме материалдар, сонымен қатар жетекші қағидалары жазылған бақылау формалары болуы керек.

өзгерістер енгізеді. Болмашы өзгерістерден, бәлкім, құтылу мүмкін емес, дегенмен осындай өзгерістер сабақты жоспарлау кезеңінде алдын ала қарастырылса анағұрлым жақсы болады.

Егер де мұғалім айтарлықтай өзгеріс енгізетін болса бақылаушылар өздерінің жұмыстарын істеуге дайын болмайды және жинақталған дәлелдердің құндылығы БАҚЫЛАУ маңызды рөл атқарады, себебі ол мұғалімдерге зерттеудің бүкіл кезеңінде оқушылардың оқуына ілесіп, олардың ойлауында болып жатқан өзгерістерге және оқушыларға оқытудың қандай әдістері ықпал етіп жатқанын назарда ұстауға мүмкіндік береді. Десек те, осыған қоса, топтар бақылауды сабақтың нәтижесі ретінде ұсынатын оқушылардың жазба жұмыстары сияқты қосымша дәлелдемелермен толықтырады.

Командалар «Сабақты бақылау бойынша нұсқаулықты» әзірлей алады немесе сабақты қалай бақылау керектігін, кімді бақылау керектігін, не нәрсеге мән беру керектігін және бақылауды қалай жазып отыру керектігін көрсететін формамен де шектеле алады. Бақылаушылар сабақты бақылаған кезде дәлелдемелерді жинау бойынша ұсыныстарды басшылыққа алады. Мектептегі барлық мұғалімдер мен топтарға ортақ етіп әзірленген нұсқаулықта негізгі қағидалар мен нормаларды, тіпті этика, сұхбат, фото және бейнетүсіруді қолдану ережелерін де жазып көрсетуге болады.

Бақылау формалары – Lesson Study үдерісінің дәлелдемесі және есептілігі үшін пайдалануға болатын құжаттардың бірі болып табылады. Егер де сіз қандай да бір отырыста, коучинг- сабағында зерттеу сұрағына қатысты сабақты бақылау формаларын әзірлеуді ұйымдастырып, өткізсеңіз, бөлінген көшбасшылық қағидасын көрсетесіз. Топтарға өзіңіз басқа дереккөздерден алған дайын үлгілерді ұсынудың қажеті жоқ. Топ зерттеу сұрағын қойып алады, содан кейінгі олардың келесі қадамы – бақылау формаларын әзірлеу. Аталған форма анағұрлым егжей-тегжейлі болса тіпті жақсы, себебі бақылаушылар сабақты бақылау кезінде әзірленген критерийлерге сәйкестікті іздестіріп, белгілейді және сабақ аяқталған соң қолдарын қояды. Бұдан кейін ешқандай хаттаманың және жұмыстың қажеті жоқ, тек қана бірлескен талқылау және талдау жүзеге асырылады. Lesson study мұғалімдер жұмысын жеңілдетуге жұмыс жасағаны өте маңызды және қосымша жұмысты туындатпауы тиіс! Осы орайда, бақылау формасы – мұғалім бақылаушының және қорытынды жасағанның

күшті дәлелдемесі болып табылады. Бұл дәлелдемелер кейін топтың бірлескен кездесуінде талқыланатын болады.

5.

САБАҚТЫ

ТАЛҚЫЛАУ /РЕВИЗИЯ

Сабақты талқылау сабақты өткізіп болған соң жүзеге асырылады. Сабақ топтың әрбір мүшесінің жадында әлі жақсы сақталып, ұмытылмай тұрған кезде сабақты талқылау және талдауға арналған кездесуді өткізу қажет.

Командалар талқылау үшін бірнеше

негізгі ережелерді

қабылдау мүмкін, мысалы:

- зейінді оқушыға аудару (мұғалімге емес);
- оқушылар нені, қалай және неліктен еш нәрсе білген жоқ және сабақтан өздеріне еш нәрсе алған жоқ екендігіне талдау жасауға назар аудару;
- сыни пікірлер мен ұсыныстарға ашық болу;
- өзінің эмоциялары және жорамалдарына емес, бақылаудың нақты нәтижелеріне (оқушылардың оқуының фактілеріне) ғана сүйену;
- сабақта орын алған «сәтсіздіктерді» ақтаудан аулақ болу. Сабақты талдау **басты үш сұраққа** негізделеді:

1. Оқушылар қалайша сабақ мақсатына жетті?

2. Сабақты қалайша жақсартуға болар еді?
3. Бұл тәжірибеден біз не білдік?

Қорытынды жасау барысында қатысушылар өздерінің бақылауларын, интерпретацияларын және сабаққа арналған коментарийлерді ұсынады. Бұндағы мақсат оқушылардың оқуы, олардың ойлауы және қарым – қатынасы тұрғысынан сабақты егжей-тегжейлі талдау және бағалау болып табылады. Қорытынды жасап болған соң топ алдағы ұйымдастыру және нәтижелерді талдау мақсатында қосымша кездесулер өткізеді.

Есте сақтау керек ең маңызды нәрсе: талдау үрдісін оқытудан емес, бақылаудағы және басқа оқушылардың оқуын, білім алғандығын қадағалаудан бастау керек (1 — сурет). Бұл реттілік оқушылардың білім алуына баса назар аударып, мұғалімдердің оқытуын талқылауға ойысып кетуге жол бермеуге көмектеседі, себебі талқылаудың соңғы түрі мұғалімдерге субъективті және кәсіптік дамуға ықпал ете алмайтындай болып көрінуі мүмкін.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.